

«Бекітілді»

№55 балабақшасы директорының м.а.

Г. Джанжолова Джанжолова Г.

Педагогикалық кеңес: №1 «29» желсіз 2017ж.

«Музыка» ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары
Білім саласы «Шығармашылық»
Ересектер тобы

2017-2018 оқу жылы

Перспективалық жоспар
«Музыка» ұйымдастырылған оқу қызметі
2017 – 2018 оқу жылы Ересектер тобы

I - ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка тыңдау:

Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық домбырада және қобызда орындалатын «күй» жанрымен таныстыру, күйші композитор: күйші Құрманғазы, қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру.

Ән айту.

Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын ажырату. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Қазақ халқының музыкасын қабылдау.

Музыкалық ырғақты қимылдар:

Музыка сипатын анық ырғақтық жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, жаттығуларын орындау.

Ойындар мен хороводтар:

Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.

Билер: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

Би шығармашылығы: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін мадақтау, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрету.

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:

Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.

II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка тыңдау:

Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Қазақтың халық әндері, күйлері мен би музыкаларының үздік үлгілерін тыңдауға тәрбиелеу.

Ән айту дағдыларын қалыптастыру

- 1) Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен орындау,
- 2) терция дыбыстарын ажырату, қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын ажырату,
- 3) қолмен бағытын көрсете отырып әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын ажырату,
- 4) фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.
- 5) Сезіммен, ырғаққа сәкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.

Музыкалық ырғақты қимылдар, жаттығулар:

Музыка ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Ойындар мен хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық ойын бейнелерін байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес жалаушалармен немесе ленталармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: үш шеңбер, үлкен шеңбер. Сюжетті ойындарды сахналау.

Билер: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып әндерді сахналау.

Би шығармашылығы: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:

Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. Жеңіл әуендерді балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, ансамбльмен уақытында қосылып ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу.

Ересектер тобы: Қыркүйек айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	көрнекілік	Сағат саны
Балабақша және отбасы	Балабақша. Білім күні	«Қуаныш және сүйіспеншілік үйі»	Балабақша – қуаныш және сүйіспеншілік үйі екенін және 1-қыркүйекбілім күні жайында түсінік беру. Музыкалық шығарманы аяғына дейін тыңдау, өлеңде не туралы айтылатынын әңгімелеуге үйрету. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Тәрбиеші апай. М.Дауылбаев 2) Бақшаға барамын. Ө.Байділдаев Ән айту: 1) Біздің балабақша. Б.Қыдырбаева. 2) Білім күні. М.Дауылбаев. Ырғақты қимыл: «Вальс» Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»	Балабақша өмірі туралы суреттер, слайдтар, ұнтаспа, композитор, үлестірмелі карточкалар, т.б.	2
Балабақша және отбасы	Отбасы және құндылықтары	«Менің туыстарым»	«Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Жан анам. Е.Өміров. 2) Менің папам. Б.Байқадамов Ән айту: 1) Біздің балабақша. Б.Қыдырбаева. 2) Екеуміз айбат баламыз. И.Нүсіпбаев. Ырғақты қимыл: «Вальс» Аспапта ойнау: «Тоқылдақ»	Отбасы туралы суреттер, композитор, ұрмалы аспап тоқылдақ, композитор, слайд, интерактивті тақта, т.б.	2
Балабақша және отбасы	Мен адаммын	«Біз өмірдің гүліміз»	Балалардың бойында адамның жағымды қасиеттері туралы ұғымды қалыптастыру. Адамдармен мейірімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Әнді табиғи дауыспен, мәнді орындау қабілетін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Біз өмірдің гүліміз. Б.Ғизатов. 2) Бесік жыры. Ш.Мұхамеджанов. Ән айту: 1) Біз бақытты баламыз. Е.Хасанғалиев. 2) Екеуміз айбат баламыз. И.Нүсіпбаев. Ырғақты қимыл: «Қара жорға» Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»	Отбасы туралы суреттер (видео, слайд) композитор, интерактивтік тақта, үлестірмелі карточкалар	2
Балабақша және отбасы	Табиғат бұрышы	«Табиғат сыйы»	Табиғат бұрышындағы өсімдіктер туралы және пайдасы туралы түсінік беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.	Ән тыңдау: 1) Шуақ, су мен таза ауа. А.Танидікі. 2) Табиғатты қорғаушылыр А. Тани. Ән айту: 1) Табиғат сыйы. А. Қонысбекова. 2) Біз бақытты баламыз. Е.Хасанғалиев. Ырғақты қимыл: «Қара жорға» Аспапта ойнау: «Тоқылдақ»	Табиғат бұрышы, суреттері слайдпен, видеомен, ұрмалы аспап тоқылдақ, т.б.	2

Ересектер тобы: Қазан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	көрнекілік	Сағат саны
Бізді қоршаған әлемі	Гүлдер әлемі. (Бөлме гүлдері, дала, бақша, дәрілік емдік қасиеттері)	«Гүлді жұлма, ботам!»	Гүлдер туралы түсінік беру. Гүлдердің түрлерімен – бөлме, бақша гүлдерімен таныстыру. Гүлдерді күтіп, баптауға тәрбиелеу. Музыкалық мәнерлігінің тәсілдерін ажыратуға үйрету, әндердің мазмұнының түсіну, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру.	<p>Ән тыңдау: 1) Мен де балғын гүлмін. М.Байсариеваның. 2) Үй гүлі. О.Асқар.</p> <p>Ән айту: 1) Гүл. С.Қалиев. 2) Табиғат сыйы. А.Қонысбеков.</p> <p>Ырғақты қимыл: «Кел, билейік»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Үш гүл – үш түрлі көңіл күй»</p>	Гүлдердің түрлері (футаж) видео слайд, үлестірмелі карточкалар, композитор, интерактивті тақта, т.б	2
Бізді қоршаған әлемі	Орманда не өседі? (Саңырау құлақтар, жидектер)	«Шырша өседі орманда»	Балаларды күз мезгілі және өсімдіктер әлемімен, соның ішінде шырша ағашымен таныстыру. Табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Әуенді ойын қимылдарымен көңілді және емін-еркін көрсету. Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту.	<p>Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? Б.Ерзакович 2) Ормандағы жаңбыр. Т.Молдағалиев.</p> <p>Ән айту: 1) Жау – жау, жаңбыр. К.Дүйсекейов 2) Табиғат сыйы. А.Қонысбеков.</p> <p>Ырғақты қимыл: «Кел, билейік»</p> <p>Аспапта ойнау: «Маракас»</p>	Өсімдіктер туралы, саңырауқұлақ - жидектер мен шырша ағашы туралы видео слайд, композитор, ұрмалы аспап маракас, интерактивті тақта, т.б.	2
Бізді қоршаған әлемі	Ағаштар мен бұталар. (Қызыл кітапқа енген өсімдіктер)	«Қызыл кітап»	«Қызыл кітап» туралы және кітапқа енген өсімдіктер туралы түсінік беру. Жер бетіндегі тіршілік иелеріне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Әндерді, жаттығуларды, билерді, ойындарды орындауға қызығушылықтарын дамыту.	<p>Ән тыңдау: 1) Жау, жау жаңбыр. Б.Бейсенова 2) Апорт деген тәтті алма. И.Нүсіпбаев</p> <p>Ән айту: 1) Сабантой. Е.Хасанғалиев. 2) Жау – жау, жаңбыр. К.Дүйсекейов</p> <p>Ырғақты қимыл: «Күз ырғағы»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Үш гүл – үш түрлі көңіл күй»</p>	«Қызыл кітап» және кітапқа енген өсімдіктердің видео слайд суреттері, үлестірмелі карточкалар композитор, ұнтаспа, т.б.	2
Бізді қоршаған әлемі	Берекелі Алтын күз. (Ас атасы нан)	«Сабан тойды тойлаймыз»	Күзгі табиғатты бақылау. Күз сыйлығы туралы әңгімелесу. Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл күй сыйлау. Ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Күз тақырыбындағы әндер арқылы – эстетикалық тәрбие беру.	<p>Ән тыңдау: 1) Тойбастар. Д.Нүрпейісова. 2) Күз келгенде. Ж.Қалжанова.</p> <p>Ән айту: 1) Сабантой. Е.Хасанғалиев. 2) Алтын күз. А.Досмағамбетова.</p> <p>Ырғақты қимыл: «Күз ырғағы»</p> <p>Аспапта ойнау: «Маракас»</p>	Күзгі табиғат (футаж) видео слайд, интерактивті тақта, ұрмалы аспап маракас, композитор, сырнай аспабы, т.б.	2

Ересектер тобы: Қараша айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	көрнекілік	Сағат саны
Табиғат әлемі	Құстар біздің досымыз. (Қыстайтын, жыл құстары)	«Құстар қайтып барады»	Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Әннің орындалуын, музыкалық жанрды ажырата білу қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Құстар қайтып барады. Н.Тілендиев. 2) Қараторғай. Ақан Сері. Ән айту: 1) Қарлығаш. Мұхамеджанов. 2) Сабантой. Е.Хасанғалиев. Ырғақты қимыл: «Полька» Дидактикалық ойын: «Қанша дыбыс?»	Дала құстарының видео слайд суреттері, үлестірмелі карточкалар композитор, ұнтаспа, т.б.	2
Табиғат әлемі	Үй жануарлары. (Өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі)	«Төлдер»	Үй жануарлары және олардың адамға пайдасы туралы түсінік беру. Музыкадағы бейнелердің дауысын тану, ажырата білу, қимыл – қозғалысты бейнелей білу қабілеттерін және ән орындау кезінде әннің сөзін анық айту дағдыларын дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншілік, қамқоршылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Керуен. К. Дүйсекеев. 2) Күшігім. С. Тұрғынбеков. Ән айту: 1) Төлдер Б. Ғизатов. 2) Қарлығаш. Мұхамеджанов. Ырғақты қимыл: «Полька» Аспапта ойнау: «Қоңырау»	Үй жануарларының суреттері, слайд, видео, интерактивтік тақта, композитор, ұрмалы аспап қоңырау, т.б.	2
Табиғат әлемі	Жабайы жануарлар әлемі. (Жануарлар қысқа қалай дайындалады? Әр түрлі мезгілдегі тіршілік кезеңі)	«Орманға саяхат»	Орман аңдары туралы түсініктерін кеңейту. Аңдарды қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Әнді сезіне айтуға үйрету. Музыканың сүйемелдеуімен қиялды, елестетуді, тудыратын іс – әрекетте шығармашылықты дамыту.	Ән тыңдау: 1) Саяхат. С.Мұхамеджанов. 2) Пойыз К.Қуатбаев. Ән айту: 1) Төлдер. Б. Ғизатов. 2) Сұр қоян. К.Қуатбаев. Ырғақты қимыл: «Буги – Буги» Дидактикалық ойын: «Қанша дыбыс?»	Жабайы аңдардың видео слайд, үлестірмелі карточка, композитор, сырнай аспабы, үн таспа	2
Табиғат әлемі	Су қойма мекендеушілері.	«Балықтар»	Су асты әлемі және балықтар туралы білімдерін тереңдету. Қоршаған ортаны сүюге тәрбиелеу. Музыкалық туындылары және олардың жанрлары туралы (марш, өлең, би) түсініктерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Дельфин. А.Тани. 2) Балық аулау. А.Тани. Ән айту: 1) Пингвин мен бала. А.Тани. 2) Сұр қоян. К.Қуатбаев. Ырғақты қимыл: «Буги – Буги» Аспапта ойнау: «Қоңырау»	Су асты әлемінің жәндіктерінің видео слайды, ұрмалы аспап қоңырау, композитор, ұнтаспа, т.б.	2

Ересектер тобы: Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Менің Қазақстаным	Елін сүйген - Елбасы	«Елбасы – елдің тұтқасы»	Балаларға Президентіміз Н.Ә. Назарбаевты музыкалықшығарма, ән арқылы сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту. Отанын сүйуге, елжандылыққа, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Елбасы – елдің тұтқасы. А.Дүйсенов. 2) Нұр аға. С.Дәрібаев Ән айту: 1) Қазақстаным. А.Дүйсенов 2) Нұрсұлтан ата. А.Дүйсенов Ырғақты қимыл: «Жаса, Қазақстан!» (инсинеровка) Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек»	Елбасының, Қазақстан Республикасының рәміздері виео слайд, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Менің Қазақстаным	Тәуелсіз Қазақстан	«Тәуелсіз ел ұланы»	Балаларды Тәуелсіз елін, жерін мақтан тұтуға, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Желтоқсан оқиғасы туралы әңгімелеу. Әннің орындалуын, музыкалық жанрды ажырата білу қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Желтоқсан желі. Ә.Тінәлиев. 2) Қазақстан бақытты. Б.Дәрібаев Ән айту: 1) Тәуелсіз ел ұланы. Ә.Бейсеуов. 2) Қазақстаным. А.Дүйсенов Ырғақты қимыл: «Жаса, Қазақстан!» (инсенеровка) Аспапта ойнау: «Мүйізді тұяқ»	Желтоқсан құрбандары және Тәуелсіздік ке байланысты (видео слайд) ұрмалы аспап мүйіз, композитор, т.б.	2
Менің Қазақстаным	Менің туған өлкем	«Туған өлкем»	Балаларды туған өлкесі Атыраудың табиғатының сұлулығымен таныстыру. Музыкалық шығарма, ән арқылы туған жердің көрінісін, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сияптына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу.	Ән тыңдау: 1) Туған жер. Б.Бейсенова 2) Туған ел. Н.Тілендиев Ән айту: 1) Жас дәуірдің түлегіміз. И.Нүсіпбаев. 2) Тәуелсіз ел ұланы. Ә.Бейсеуов. Ырғақты қимыл: «Көкпар биі» Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек»	Туған өлке табиғаты туралы (видео слайд) үлестірмелі карточкалар композитор, т.б.	2
Менің Қазақстаным	Қош келдің, Жаңа жыл!	«Жасыл шырша жанында»	Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру. Мерекенің белгісі шыршамен таныстыру. Мереке жайлы білім беру. Балалардың эстетикалық сезімдерін, орындау дағдыларын дамыту, көркем бейнені эмоционалдыкпен білдіру ықыластарын тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Шырша жыры. Б. Бейсенова. 2) Шырша әні. К.Қуатбаев. Ән айту: 1) Аяз ата. Ж. Қалжанова. 2) Жасыл шырша жанында. К.Қуатбаев. Ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар» Аспапта ойнау: «Мүйізді тұяқ»	Жаңа жылдық шырша, видео слайд, композитор, үлестірмелі карточкалар Сырнай аспабы, ұнтаспалар, т. б.	2

Ересектер тобы: Қантар айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Дені саудың жаны сау	Бәрі мен жайлы	«Барлығы өзім туралы»	Балаларға дене мүшелері және оның қызметі туралы түсінік беру. Адам өз денсаулығын сақтау үшін өзін-өзі тану және оны күту керектігі туралы айту. Балалардың ән айтуда, қимыл қозғалыс жасауда, ойын ойнауда шеберлік қабілеттерін дамыту. Балаларды елжандылыққа, тұлғалық сенімділікке тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Қайсы екен? Б.Дәлденбаев. 2) Көңілді саусақтар. Г.Абдрахманова. Ән айту: 1) Қыс қызығы. И.Нүсіпбаев 2) Бәйтерек. Б.Әлімжан Ырғақты қимыл: «Жалаушамен би» Дидактикалық ойын: «Ғажайып бағдаршам»	Адамның дене мүшелері (видео слайд), үлестірмелі карточкалар компазитор, т.б.	2
Дені саудың жаны сау	Дұрыс тамақтану. (Дәрумендер)	«Дәрумендер денсаулық кепілі»	Балаларға дәрумендер және дәрумендердің ағзаға тигізер пайдасы туралы түсінік беру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әндерде, билерде балалардың музыкалық аспаптарында ойнаған қабілетін ұштап, шығармашылық қабілетін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? «Қыс»Б.Ерзакович 2) Қыс күн. Г.Абрахманова Ән айту: 1) Жемістер мен көкөністер. Г.Абдрахманова. 2) Қыс қызығы. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Жалаушамен би» Аспапта ойнау: «Асатаяқ»	Балапан телеарнасы: Дәрумендер туралы бейне таспа, Ұрмалы аспаптар, Футаж «Қыс», т.б.	2
Дені саудың жаны сау	Өз – өзіңді қорғай біл	«Өмірің өз қолыңда»	Музыканың дыбыс жоғарылығын, таныс әндерді танып, ажырату. Әннің сөзін таза, көңілді, жеңіл орындауға үйрету. Музыка ырғағына қосылып, анық, нық би қимылдарын жасауға дағдыландыру. Ойын арқылы жол жүру ережесін және оны сақтауға үйрету. Қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында, адам өмірінің маңыздылығы туралы түсінік беру.	Ән тыңдау: 1) Көңілді көліктер. А.Менжанова 2) Пойыз. К.Қуатбаев Ән айту: 1) Бағдаршам. Ғ.Тамендаров 2) Біз шадыман баламыз. Ә.Бейсеуов Ырғақты қимыл: «Ғажайып аялдама» Дидактикалық ойын: «Ғажайып бағдаршам»	Бағдаршам макеті, түрлі жол белгілері, машиналар жаяу, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Дені саудың жаны сау	Спорт денсаулық кепілі	«Бәріміз бірге шынығамыз»	Денсаулық сақтау туралы түсінік беру, дене мүшелері туралы түсінік бере отырып, тазалыққа баулу. Ән арқылы бала тілін дамыту. Әнді көңілді, жеңіл айтқызуға тәрбиелеу. Ән әуенін қабылдау арқылы мінез-құлықтарын қимылмен көрсетіп үйрету.	Ән тыңдау: 1) Мерекелік марш. Н. Леви 2) Балалығым - балғын шағым. Т.Қажыбаев Ән айту: 1) Бағдаршам. Ғ.Тамендаров 2) Біз шадыман баламыз. Ә.Бейсеуов Ырғақты қимыл: «Ғажайып аялдама» Аспапта ойнау: «Асатаяқ»	Балапан телеарнасы: Денсаулық туралы бейне таспалар, ұрмалы аспаптар, компазитор портреті, т.б.	2

Ересектер тобы: Ақпан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Мен және қоршаған орта	Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)	«Табиғат – біздің досымыз»	Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуды қолдану. Музыкалық аспаптарда ойнау тәсілдерін көрсету.	<p>Ән тыңдау: 1) Сарыарқа күйі. Құрманғазы. 2) Туған жер. А. Тани Ән айту: 1) Қыс қызығы. И.Нүсіпбаев 2) Айналайын. Т.Бейсембеков</p> <p>Ырғақты қимыл: «Егер саған ұнаса»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Төмен және жоғары дыбыстар»</p>	Табиғат туралы видео слайд, үлестірмелі карточкалар композитор портреті, т.б.	2
Мен және қоршаған орта	Көліктер. (ЖЖЕ – сақта!)	«Жол атасы бағдаршам»	Балаларға көлік және бағдаршамның атқаратын міндеті туралы білім беру. Қимылдарды музыканың ерекшеліктерімен үйлестіру дағдыларын және таныс әндерді ажырата білу қабілетін дамыту. Әннің мәтінін дұрыс айта білуге тәрбиелеу.	<p>Ән тыңдау: 1) Жол ережесі тәртібі. Б.Бейсенова. 2) Жолаушылар жыры. Ж.Қалжанова. Ән айту: 1) Бағдаршам. Ғ.Тамендаров. 2) Қыс қызығы. И.Нүсіпбаев.</p> <p>Ырғақты қимыл: «Егер саған ұнаса»</p> <p>Аспапта ойнау: «Металлофон»</p>	Бағдаршам және жол белгілерінің видео слайд суреттері, композитор, металлофон сырнай аспабы, т.б.	2
Мен және қоршаған орта	Техника және біз	«Электронды музыкалық аспаптар»	Электронды музыкалық аспаптармен таныстыру. Электронды аспаптар мен ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету. Электроника саласы жетістіктері туралы баяндау, күнделікті өмірмен байланыстыру. Ұлттық музыкалық аспапты қадір тұтуға тәрбиелеу.	<p>Ән тыңдау: 1) Электронды киіз үйден музыкатындаймыз (Жетекшінің таңдауымен) 2) Балбырауын. Құрманғазы</p> <p>Ән айту: 1) Домбыра сазы. И.Нүсіпбаев 2) Бағдаршам. Ғ.Тамендаров</p> <p>Ырғақты қимыл: Электронды домбыра аспабында билейміз.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Төмен және жоғары дыбыстар»</p>	Электронды киіз үй, музыкалық аспаптары, (видео слайд) композитор, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Мен және қоршаған орта	Пайдалы қазбалар	«Қазақстанның жер байлығы»	Балаларды еліміздің жер байлықтарымен таныстыру. Елімізде өндірілетін қазба байлықтар жайлы түсінік беру. Балалардың өз отанын, туған жерін сүйуге және туған жер табиғатына қамқорлықпен қарауға, достық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. Әндерді, билерді, ойындарды орындауға қызығушылықтарын дамыту.	<p>Ән тыңдау: 1) Сәлем, Қазақстан. А.Досмағамбет. 2) Қазақстан. А.Досмағамбет.</p> <p>Ән айту: 1) Айналым елім. Е.Хасанғалиев 2) Домбыра сазы. И.Нүсіпбаев</p> <p>Ырғақты қимыл: Электронды домбыра аспабында билейміз.</p> <p>Аспапта ойнау: «Металлофон»</p>	Қазақстанның қазба байлықтарының видео слайд, композитор, сырнай, металлофон аспабы, т.б.	2

Ересектер тобы: Наурыз айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!	Қазақстан халқының салт - дәстүрлері	«Әжем келді ауылдан»	Халықтық салт - дәстүрлер туралы мағлұмат беру. Жеке орындаушылық қабілеттерін ашу. Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу. Музыкаға әсерленуді байыту дыбыс жоғарлығын, ырғақтық, темрлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Мен ауылға барамын. Б.Бейсенова 2) Ақ әжем. К.Қуатбаев Ән айту: 1) Айналдым елім. Е.Хасанғалиев 2) Менің әжем дара. Д.Исмайлова Ырғақты қимыл: «Қызыл гүлім - ай» Дидактикалық ойын: «Теңіз»	Қазақ халқының салт – дәстүрлері – не байланысты видео слайд, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!	Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта	«Бауырсақ ертегісі»	Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. Кейіпкерлерге енгізе отырып, музыкалық дыбыс биіктігін, мәнерлігін түсініп, ажыратуға, ой - санасын және көз алдарына елестету арқылы қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Ертегілер елінде. М.Ерралиева 2) Әжем айтқан ертегі. Т.Қоңыратпай Ән айту: 1) Ертегілер әлемі. А.Қалаубаева 2) Менің әжем дара. Д.Исмайлова Ырғақты қимыл: «Қызыл гүлім - ай» Аспапта ойнау: «Тұяқ»	Бауырсақ ертегісіндегі кейіпкерлер атрибуттары, видео слайд көрсету, тұяқ аспабы, т.б.	2
Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!	Өнер көзі – халықта. (Қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б.)	«Домбыра сазы»	Қазақ халқының негізі музыкалық аспабы домбыра туралы түсінік беру. Домбыраның құрылысымен таныстыру. Балаларды қазақтың ұлттық аспабы домбыра арқылы орындалатын күй, әнді осы өнерлерді тыңдай отырып, қазақтың ұлттық өнеріне ұлтжандылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Тойбастар. Д.Нұрпейісова 2) Сарыарқа. С.Құрманғазы Ән айту: 1) Домбыра сазы. И.Нүсіпбаев 2) Ертегілер әлемі. А.Қалаубаева Ырғақты қимыл: «Көкпар» Дидактикалық ойын: «Теңіз»	Домбыра аспабы, күйші композиторлардың суреттері видео слайдпен, үлестірмелі карточкалар, т.б.	2
Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!	Наурыз келді, табиғат оянды.	«Шуақты көктем»	Көктем мезгілінің табиғатын музыкада өрнектеу арқылы эмоциялық сезімдерін қалыптастыру. Көктем мезгіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Ән салуға, жаттығуларға, билеуге, қызығушылықтарын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? (Көктем). Б.Ерзакович. 2) Көктем. Ә.Бейсеуов. Ән айту: 1) Көктем. К.Қуатбаев. 2) Домбыра сазы. И.Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Көкпар» Аспапта ойнау: «Тұяқ»	Көктем табиғатына байланысты видео слайд, тұяқ аспабы, композитор, т.б.	2

Ересектер тобы: Сәуір айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Біз еңбекқор баламыз	Мамандықтың бәрі жақсы	«Мамандығым мақтанышым»	Әр түрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу. Өндерді мәнгермен орындаудың дағдыларын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Мамандығым мақтанышым. Д.Ботбаев. 2) Етікші. Д. Ботбаев Ән айту: 1) Ғарышкер боламыз. С.Мұхамеджанов 2) Отан. А.Досмағамбет Ырғақты қимыл: «Қазіргі би ырғағы» Дидактикалық ойын: «Әуеннің дауысын ажырат»	Әр түрлі мамандық - тарға байланысты видео слайд, үлестірмелі карточкалар композитор, ұнтаспа, т.б.	2
Біз еңбекқор баламыз	Адам және ғарыш	«Ғарыш әлеміне саяхат»	Ғарыш әлемі жайлы түсінік беру. Аспан әлемі – ғарыш, ғарыш айлағы – Байқоңыр туралы білім беру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру, дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту.	Ән тыңдау: 1) Айды әперші, апатай!. Е. Өміров. 2) Айға аттанам. Ә.Бейсеуов. Ән айту: 1) Ғарышкер боламыз. С.Мұхамеджанов. 2) Көктем. Қ.Қуатбаев. Ырғақты қимыл: «Қазіргі би ырғағы» Аспапта ойнау: «Кепшік сылдырмақ»	Ғарыш әлемі және ғарышкер видео слайд, кепшік аспабы, композитор, ұнтаспа, т.б.	2
Біз еңбекқор баламыз	Табиғаттың гүлденуі	«Табиғат сыйы»	Балалардың жалпы табиғат жөніндегі түсінігін, білімдерін жетілдіру. Табиғат құбылыстарын, өзгерістерін білуге үйрету. Өнді табиғи дауыспен, мәнді орындау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Шуақ, су мен таза ауа. А.Таниндікі. 2) Жыл мезгілдері. П.Чайковский. Ән айту: 1) Жаңбыр. А.Досмағамбетова. 2)Көктем. Қ.Қуатбаев. Ырғақты қимыл: «Көңілді полька» Дидактикалық ойын: «Әуеннің дауысын ажырат»	Табиғат туралы, видео слайд, композитор, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Біз еңбекқор баламыз	Біз жас зерттеушілеріміз	«Әйнектердің әндері»	Балаларға еңбексүйгіштік және табиғи маериалдар туралы білім беру. Шыны және оның қасиеті туралы мәлімет бере отырып, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Тәжірибе барысында заттардың қасиеттерін анықтап, салыстыра білу іскерліктерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Металл мен металлург. А.Бақтыгереева 2)Бәрі қызық балаға. Д.Әбілдинов Ән айту: 1) Достық. И.Нүсіпбаев 2) Жаңбыр. А.Досмағамбетова. Ырғақты қимыл: «Көңілді полька» Аспапта ойнау: «Кепшік сылдырмақ»	Тәжірибеге керекті заттар: стақан, құмыра, бөтелке, т.б. композитор, ұрмалы аспап кепшік сылдырмақ,	2

Ересектер тобы: Мамыр айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Әрқашан күн сөнбесін	Достық біздің тірегіміз. (Халықтар достығы)	«Ағайынбыз бәріміз»	Халықтар достығын насихаттау. Әр ұлт музыкасынан хабардар болу. Өн мазмұны арқылы мейірімділікке, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. Өнді ширақ, көңілді, еркін орындауға төселдіру. Ұлттық би элементтерін еркін орындауға жаттықтыру.	Өн тыңдау: 1) Ағайынбыз бәріміз. М.Әубәкіров. 2) Дос болайық бәріміз. И.Нүсіпбаев. Өн айту: 1) Достық. И.Нүсіпбаев 2) Момышұлы Бауыржан. Е.Өміров. Ырғақты қимыл: «Сарбаздар» Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын?»	1-мамыр достық мерекесіне арналған видео слайд, үлестірмелі карточкалар	2
Әрқашан күн сөнбесін	Отан қорғаушылар. (ҚР әскері)	«Жеңіс күнін тойлаймыз»	Қазақ батырлары туралы мағлұмат бере отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Балаға негізгі қимылдарды үйрету. Өн айту, музыка тыңдау қабілетін дамыту. Өн мен музыка тыңдау арқылы, баланың эстетикалық мәдениетіне тәрбиелеу. Өнді сөздерін анық, жігерлі, екпінмен орындау.	Өн тыңдау: 1) Ел қорғауға әзірміз. К.Қуатбаев. 2) Жеңіс күні. Д.Тухманов. Өн айту: 1) Момышұлы Бауыржан. Е.Өміров. 2) Жеңіс туы желбіреп. Б.Бейсенова Ырғақты қимыл: «Сарбаздар» Аспапта ойнау: «Үш бұрыш»	Қазақ батырлары туралы видео слайд, ұрмалы аспаптар топтамасы, компоитор, ұнтаспа, т.б.	2
Әрқашан күн сөнбесін	Менің туған өлкем	«Туған өлкем – мақтанышым»	Балалардың кең байтақ Атырау қаласы туралы мәліметтерін кеңейту. Музыкалық шығарма, ән арқылы өз туған өлкемізді танып білуге, жақсы көруге, өз еліне деген сүйспеншіліктерін патриоттық сезіміне тәрбиелеу.	Өн тыңдау: 1) Жас дәуірдің түлегіміз. И.Нүсіпбаев. 2) Туған жер. Б.Бисенова. Өн айту: 1) Туған ел. Н.Тілендиев 2) Жеңіс туы желбіреп. Б.Бейсенова Ырғақты қимыл: «Көбелектер» Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын?»	Атырау қаласы туралы видео - слайд үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Әрқашан күн сөнбесін	Жайдарлы жаз келді!	«Жайдарлы жаз»	Жазғы табиғат туралы білімдерін қалыптастыру. Табиғатты аялай, қорғай білуге тәрбиелеу. Өнді тыңдап, мәтінге сай қимылдарды орындау дағдыларын дамыту. Өннің сөзін анық айтуға үйрету.	Өн тыңдау: 1) Жаз мереке. Ө.Бейсеуов. 2) Жазды күнді сүйеміз. А.Меңжанова Өн айту: 1) Алақай, жаз келді! К.Қуатбаев 2) Көбелек. М.Әубәкіров. Ырғақты қимыл: «Көңілді аралар биі» Аспапта ойнау: «Үш бұрыш»	Жаз мезгілі футажа видео слайд, композитор, ұрмалы аспаптар, т.б.	2